

**"ҚР аудиторларының палатасы" КАҰ**  
**Жалпы жиналысымен**  
**Бекітілген**  
**2008 ж.10.12. №3 хаттама**

**“ҚР аудиторларының палатасы” КАҰ Тексеру комиссиясы туралы ЕРЕЖЕ**  
**(Аудиторлар палатасы мүшелерінің 23.11.2011ж.жиналысының №3 хаттамасы**  
**шешімімен бекітілген өзгертулермен және толықтырулармен)**

Алматы қ.,2012ж.

**"ҚР аудиторларының палатасы" КАҰ Тексеру комиссиясы туралы ЕРЕЖЕ**  
**(Аудиторлар палатасы мүшелерінің 23.11.2011ж.жиналысының №3 хаттамасы**  
**шешімімен бекітілген өзгертулер мен және толықтырулармен)**

**1-бап. Жалпы ережелер**

1. Осы ереже "ҚР аудиторларының палатасы" КАҰ Тексеру комиссиясының мәртебесін, құрамын, қызметтері мен өкілеттіліктерін, оның мүшелерін сайлау және өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібін, сондай-ақ Тексеру комиссиясының жұмыс істеу тәртібі мен Аудиторлар палатасының өзге органдарымен және құрылымдық бөлімшелерімен өзара әрекеттесу тәртібін белгілейді.
2. Тексеру комиссиясы өз жұмысында ҚР Азаматтық Кодексін, ҚР "Коммерциялық есмес ұйымдар туралы", "Аудиторлық қызмет туралы" Заңдарын, "ҚР аудиторларының палатасы" КАҰ Жарғысын, осы Ережені және Тексеру комиссиясының қызметіне жататын Аудиторлар палатасының басқа құжаттарын басшылыққа алады.
3. Тексеру комиссиясы Аудиторлар палатасының оның қаржылық-шаруашылық қызметін ішкі бақылау мен кассасын тексеруді жүзеге асыратын органы болып табылады.
4. Тексеру комиссиясы Жалпы жиналысқа есеп береді.
5. Тексеру комиссиясы жылына бір реттен кем емес тексерулер жүргізеді.

**2-бап. Тексеру комиссиясының қызметтері.**

1. Тексеру комиссиясы жүзеге асырады:
  - 1) Аудиторлар палатасының бюджетін орындау бойынша қаржылық құжаттаманы, түгендеу құжаттамасын, оны ресімдеу дұрыстығын, көрсетілген көрсеткіштердің бухгалтерлік есеп пен алғашқы есепке алу құжаттарының деректеріне сәйкес болуын тексеруді;
  - 2) Аудиторлар палатасының жасаған мәмілелері мен жеткізушілер мен басқа контрагенттермен есеп айырысуды тексеруді;
  - 3) Жарғылық қызмет мақсатында Аудиторлар палатасының қаражаттарының пайдалануын тексеруді;
  - 4) Бухгалтерлік және санақтық есеп жүргізудің ҚР қолданыстағы нормативтік актілер талаптарына сәйкес болуын талдауды;
  - 5) Аудиторлар палатасының қаржылық-шаруашылық қызметіндегі ҚР заңнамасымен белгіленген талаптарының сақталуын тексеруді;
  - 6) Теңгерімді және оған қосымшаларды, салық және бухгалтерлік есептерді құрастыру дұрыстығын тексеруді;
  - 7) Аудиторлар палатасының Президентімен, Төрағасымен және Кеңесінің мүшелерімен қаржылық-шаруашылық қызметінің мәселелері жөніндегі шешімдер заңдылығын және олардың Аудиторлар палатасының Жарғысы мен Жалпы жиналыс шешімдеріне сәйкес болуын тексереді;
  - 8) Аудиторлар Палатасының қаржылық-шаруашылық мәселелері бойынша Жалпы жиналыспен қабылданған шешімдердің орындалуын тексеруді;

9) Аудиторлар палатасының Жарғысымен және осы Ережемен Тексеру комиссиясының құзіретіне жатқызылған өзге қызметтерді жүзеге асыруды.

### **3-бап. Тексеру комиссиясы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері.**

1. Тексеру комиссиясы мүшелерінің құқығы бар:

- 1) Аудиторлар палатасының Кеңесі мен Аппаратынан оның жұмысы үшін қажетті барлық материал мен құжатты сұратуға және алуға;
- 2) шаруашылық, қаржылық, құқықтық қызметтегі бұзушылықты анықтау немесе Аудиторлар палатасының мүліктік және материалдық мүдделеріне төнген қауіп шешім қабылдауды талап еткен жағдайда, Кеңес Төрағасына немесе Аудиторлар палатасының Президентіне Аудиторлар палатасы Кеңесінің отырысын шақыру немесе Аудиторлар палатасының Кеңесіне Аудиторлар палатасының кезектен тыс жиналысын шақыру туралы талаптарымен жүгінуге;
- 3) Аудиторлар палатасынан Тексеру комиссиясының құзіретіне жататын мәселелер бойынша түсініктемелер алуға;
- 4) Аудиторлар палатасы органдарының алдына Аудиторлар палатасының лауазымдық тұлғалары мен қызметкерлері ҚР қолданыстағы заңнама мен Аудиторлар палатасының ішкі құжаттарының талаптарын бұзған жағдайда оларды лауазымдық жауапкершілікке тарту туралы мәселені қоюға;
- 5) қажет болған жағдайда Аудиторлар палатасының Жалпы жиналысы мен Кеңесінің күн тәртібіне осы Ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы мәселені қосқанда, Аудиторлар палатасының қаржылық қызметі туралы ұсыныстар енгізуге;

2. Тексеру комиссиясы міндетті:

- 1) Аудиторлар палатасының жалпы жиналысы мен Кеңесіне тексеріс пен тексерулердің нәтижелері туралы жазбаша есептер, анықтамалар, хабарламалар түрінде уақытында хабарлауға;
- 2) коммерциялық құпияны сақтауға, Тексеру комиссиясы мүшелерінің өз қызметтерін орындау кезінде қол жеткізуге рұқсаты бар, құпия болып табылатын мәліметтерді жарияламауға.

4-бап. Аудиторлар палатасының қаржылық-шаруашылық қызметін тексеруді жүргізу тәртібі

1. Аудиторлар палатасының қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру (тексерісі) Аудиторлар палатасының бір жылғы қызметінің нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.
2. Аудиторлар палатасының қаржылық-шаруашылық қызметін жоспардан тыс тексеру шешімі бойынша жүзеге асырылады:

1) Жалпы жиналыстың;

2) Аудиторлар палатасы Кеңесінің;

3) Аудиторлар палатасының Тексеру комиссиясы Төрағасының.

Аудиторлар палатасының қаржылық-шаруашылық қызметін тексеруді жүргізу мерзімдері Аудиторлар палатасының Кеңесі шешімімен анықталады.

3. Тексеру комиссиясымен талап етілген құжаттар жазбаша сұратуды алған сәтен бастап бес жұмыс күні ішінде ұсынылуы тиіс.

4. Аудиторлар палатасының қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру нәтижелері бойынша Тексеру комиссиясы есеп құрастырады, оның құрамында:

\* Аудиторлар палатасының есептеріндегі және басқа қаржы құжаттарындағы деректер дұрыстығы туралы ақпарат;

\* Аудиторлар палатасы қаржылық-шаруашылық қызметін жүзеге асырған кезде бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік беру тәртібін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзудың анықталған фактілері туралы ақпарат бар.


5. Тексеру комиссиясы жылдық тексеру туралы есепті келісі жылдың 30-сәуірінен кешіктірмей есеп береді.

6. Тексеру комиссиясының есебі оны Жалпы жиналысқа бекітуге ұсыну үшін Аудиторлар палатасының Кеңесіне тапсырылады.

#### 5-бап. Тексеру комиссиясы мүшелерінің ұйымдастырушылық жұмысы

1. Тексеру комиссиясының мүшелері өз құрамынан Тексеру комиссиясының отырысында Төраға мен хатшыны қарапайым дауыс көпшілігімен сайлайды.
2. Тексеру комиссиясының Төрағасы:
  - 1) Тексеру комиссиясының отырыстарын шақырады және өткізеді;
  - 2) Тексеру комиссиясының жұмысын ұйымдастырады;
  - 3) Тексеру комиссиясына Аудиторлар палатасы Кеңесінің отырысында өкілдік етеді;
  - 4) Тексеру комиссиясынан алынатын құжаттарға қол қояды;
  - 5) Өзінің уақытша болмау уақытына Тексеру комиссиясы Төрағасының өкілеттіліктерін уақытша жүзеге асыратын орынбасарды тағайындайды;
3. Тексеру комиссиясының хатшысы отырыстардың хаттамаларын жүргізуді ұйымдастырады, адресаттарға Тексеру комиссиясының актілері мен есептерін жіберуді жүзеге асырады.
4. Тексеру комиссиясы барлық мәселелерді өз отырыстарында шешеді. Тексеру комиссиясының отырыстары қажет болған жағдайда жүргізіледі.
5. Тексеру комиссиясы мүшелерінің 50% кем емес қатысушыларының болуы Тексеру комиссиясының отырысын өткізудің кворумы болып табылады.
6. Тексеру комиссиясы мүшесінің Тексеру комиссиясының кідіріссіз шешуін талап ететін бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Комиссияның шұғыл отырысын шақыру құқығы бар.
7. Тексеру комиссиясының барлық отырыстары көзбе-көз жүргізіліп, Тексеру комиссиясының Төрағасымен және хатшысымен қол қойылатын хаттамамен ресімделеді.
8. Мәселелерді шешу кезінде Тексеру комиссиясының әрбір мүшесінің бір дауысы бар. Дауыстар тең болған жағдайда, Тексеру комиссиясы Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.
9. Тексеру комиссиясының мүшесі қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда хаттамаға өз пікірін бекітіп, оны Аудитор палатасының Президенті мен Кеңесі назарына жеткізу құқығы бар.
10. Тексеру комиссиясы мүшесінің өкілеттігі мынадай жағдайларда тоқтатылуы мүмкін:
  - Аудиторлар палатасындағы мүшелікті тоқтату;
  - Тексеру комиссиясы құрамынан өз еркімен шығу туралы өтініш беру;
  - үш реттен артық дәлелсіз себептермен Тексеру комиссиясының отырысында болмау (қатыспау).Тексеру комиссиясы құрамынан мүшесінің мерзімінен бұрын шыққан жағдайда, Тексеру комиссиясының жаңа мүшесі таңдалуы тиіс. Тексеру комиссиясының қайта сайланған мүшесінің өкілеттіліктері әрекет етіп отырған Тексеру комиссиясының өкілеттіліктері аяқталған сәтінде тоқтатылады.

“ҚР аудиторларының палатасы” ҚАҰ  
Кеңесінің Төрағасы.



Л.А.Погорелова

Пронумеровано  
прошнуровано  
на 4 листах

